

**Баишев университеті
Білім берудің жоғары мектебі
Педагогика және психология кафедрасы**

Дипломдық жұмыс:

**Дарынды балалармен тәрбие жұмысының
педагогикалық негіздері**

**Орындаған: Абиляшева А.М.
Ғылыми жетекшісі: Токжанова А.М.**

2019 жыл

Зерттеу мақсаты – жан-жақты дарынды тұлға тәрбиелеу мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу және оны тәжірибеге енгізудің тиімді жолдарын анықтау.

Зерттеу пәні – педагогикалық-психологиялық құрылымдар негізінде дарынды балаларды тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Зерттеу нысаны – дарынды балалармен тәрбие жұмысын жүргізу үдерісі.

Зерттеудің ғылыми болжамы – егер педагог баланы тәрбиелеу үдерісінде дарындылық түрлерін ескерсе, және оны тиімді тәрбие технологиялары мен әдістері негізінде дамытса, онда жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға мүмкіндік туындайды.

Зерттеудің міндеттері:

- Дарынды балалар туралы ғылыми-теориялық әдебиеттермен танысу, саралау;
- Диагностикалау негізінде дарынды балалардың типтерін анықтау;
- Жан-жақты дарынды балаларды тәрбиелеу үшін тиімді технологиялар мен әдістемелерді анықтау.
- Жан-жақты дарынды балаларды тәрбиелеу жұмыстарын тәжірибелік эксперимент негізінде тексеру және ғылыми болжамды дәлелдеу.

Зерттеу базасы: Ақтөбе қаласы, №22 орта мектебі.

Дипломдық жұмыстың құрылымы. Диплом кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

1.1 Дарындылық туралы жалпы түсінік


ЖҰМЫС АНЫҚТАМАСЫ:

Дж.Рензулли:

«Дарындылық дегеніміз – үш байланыстың үйлесімділігі: жоғары зияткерлік, креативтілік және нәтижеге жетудегі ынталылық. Осы үш қасиеттің біреуі болмаса, адам дарын ретінде қалыптаспайды. Интеллекттің жетіспеуінен адам жақсы нәтижеге жете алмайды».



Критерий бойынша дарындылықтың түрлері



Үшінші критерий
(дарындылықтың көрініс беру формасы бойынша)

айқын
жасырын

Төртінші критерий
(дарындылықтың әртүрлі іс-әрекетте көрініс беруінің ауқымдылығы бойынша)

жалпы
арнайы

Бесінші критерий
(дарындылықтың дамуының жас ерекшелігіне байланысты)

ерте
кешеуілденген

1.2 Елімізде балалардың дарындылығын дамыту бағдарламалары

Қазақстандық оқушылар соңғы жылдар ішінде әлемдік интеллект нарығында өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеуде. Қазіргі кезде, халықаралық олимпиада қозғалысы рейтингі бойынша 123 қатысушы елдердің арасынан Қазақстан құрамасы 10-шы орында тұр.

Біздің еліміз беделді әлемдік деңгейдегі пәндік олимпиадаларды дайындау және өткізу мүмкіндігіне ие болды. Осылай, «Дарын» РҒПО Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қолдауымен 2003-2017 жылдар аралығында бірнеше олимпиадаларды өткізді.

Әр жыл сайын республикада мамандандырылған білім мекемелері желілері кеңейтілуде. Егер 90-шы жылдар соңында 15 мектеп болса, қазіргі уақытта елімізде 130 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мекемелер жұмыс атқаруда.

Ақтөбе облысында дарынды балаларға арналған білім беру мекемелері:

- “Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық «Білім-Инновация» лицей-интернаты” коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- “Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты” мемлекеттік мекемесі;
- “М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты” коммуналдық мекемесі;
- «Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназия” мемлекеттік мекемесі;
- “Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі”

Дарынды балаларды жан-жақты тәрбиелеуде қолданылатын технологиялар:

- Жеке рефлексивті өзін-өзі тәрбиелеу технологиясы (П.Г.Щедровицкий О. С.Анисимов бойынша);
- Жағдаяттық сынып сағаты технологиясы (Н.П.Капустин бойынша): мәні және негізгі компоненттері;
- Тәрбие берудегі жеке педагогикалық қолдау технологиясы (О.С.Газман бойынша).
- Ұжымдық тәрбиелеу технологиясы (И.П.Иванов бойынша);
- Еркін тәрбие технологиясы (М.Монтессори, Р.Штейнер бойынша);
- Ынтымақтастық педагогикасы. Ізгіліктік-тұлғалық технология (Ш.А. Амонашвили бойынша).

2. Дарынды балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыруға бағытталған тәжірибелік эксперимент

2.1 Жан-жақты дарынды балалармен тәрбие жұмысының педагогикалық негіздерін анықтау

Эксперимент үш кезеңде (анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау) Ақтөбе қаласының №22 орта мектебінде жүргізілді. Әрбір кезең нақты міндеттерді көздеді. Экспериментке 50 оқушы қатысты (25 оқушы эксперимент тобында, 25 оқушы бақылау тобында). Эксперимент 5-сынып оқушыларына (11-12 жас аралығы) өткізілді.

Бірінші кезең ата-аналар мен оқушылардан алынған баланың қабілеттері бойынша жоғары жетістіктерін анықтау туралы әдістемелер өткізілді.


Біз өзіміздің зерттеу тақырыбымыз бойынша жан-жақты дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында практика барысында балалардағы қабілеттілікті анықтау үшін ата-аналармен Л.Г.Матвееваның «Баланың кәсіби қызығушылығын анықтау» сауалнамасын жүргіздік.

Л.Г.Матвееваның «Баланың кәсіби қызығушылығын анықтау» сауалнамасы баладағы жоғары дамыған қабілеттілікті анықтауға көмектеседі. Ең жоғарғы ұпай 5 ұпаймен өлшенеді.

Класс: 5 “ә”, 5 “в”.


Әдістеме атауы: Л.Г.Матвеева бойынша «Баланың профильдік қызығушылығын анықтау» сауалнамасы (ата-аналарға арналған)

Мақсаты: баланың қабілетін танып, біліп, балаға жағдай жасау.



Л.Г.Матвееваның «Баланың кәсіби қызығушылығын анықтау» сауалнамасы бойынша эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау

Тәжірибе барысында 5-сынып оқушыларынан «Қызығушылықтар картасы» сауалнамасы алынды. Бұл сауалнама оқушылардың әртүрлі ғылым салаларынан жоғары қабілеттерін анықтауға көмектеседі.



«Қызығушылықтар картасы» сауалнамасы бойынша эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау


Зерттеу барысында қарастырылып отырған мақсат, міндеттерге сай дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрлерінің өлшемдері анықталды:

- оқу-тәрбие процесінің мән-мазмұнын жақсы түсінуі;
- тәрбие сағаттарында берілген тапсырмаларды орындауға қабілеттілігі мен қызығушылығының жоғары деңгейде болуы;
- алған білімдері мен іскерліктерін қажетіне қарай тәжірибеде пайдалана білуі.

Бұл өлшемдердің негізінде дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардың үш деңгейі (төмен, орта, жоғары) белгіленді.

Төмен деңгей	шығармашылық жұмыстарға немқұрайлылықпен қарайды, сабақтарда белсенділік көрсетпейді.
Орта деңгей	шығармашылық жұмыстарға қызығушылығы орташа, бірақ ой-қорытындысын шығаруға қиналады, сабақтарға ішінара белсенділік көрсетеді.
Жоғары деңгей	сабақтардың мән-мазмұнын жақсы түсінеді, шығармашылық жұмыстарға қызығушылығы жоғары, естігенін еркін айтып берумен шектелмей, дәлелдемелермен түсіндіреді, берген тапсырманы үлкен жауапкершілікпен тиянақты орындайды, сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысып, тапқырлық танытады.

Анықтау экспериментінің нәтижесі



2.2. Қалыптастырушы экспериментке сипаттама

Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыс жоспары қосымшада қарастырылған. Жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетсек:

- дарынды оқушыларға тәрбие сағаттарын жүргізу;
- оқушыларды мұражайға апару;
- оқушылармен бірге планетарийға бару;
- өнер қайраткерлерімен, ақын-жазушылармен кездесулер өткізу;
- оқушыларға өз-ойын жеткізуге байланысты шаралар ұйымдастыру, сайыстарға қатыстыру;
- ақпараттық құралдар, жаңалықтармен таныстыру.

Тәжірибе барысында жүргізілген тәрбие сағатының тақырыбы
«Мақтан тұтар ұлы тұлға».

Мақсаты: оқушылар өздері үлгі тұтатын танымал адам туралы баяндама дайындап, үлгі тұтатын адамның терең ойларымен, оған деген көзқарастарымен, талап-тілектерімен сыныптастарын таныстыру.

Көрнекіліктер: үлгі тұтатын тұлғалары туралы презентация әзірлеу.

Тәрбие сағаты барысында әртүрлі тапсырмалар, сұрақ-жауап, жазбаша жұмыс, сызба-тіректер тақтадан көрсетіліп отырды.

Интеллектуалды қабілеттіліктерді дамытуға арналған тренинг-ойын

Мақсаты: Танымдық үдерістерге оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, оқушылардың танымдық үрдістерін дамыту. Зейінділікке, ойлампаздыққа, тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.



Психодрама әдісі арқылы оқушылардағы интеллектуалдық және көркем-шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту


Жұмыс әдістері: Арт терапия, ертегі терапиясының элементтері, оригами әдістемесін қолдану, дем мен релаксация жаттығулары психодрамманың жеке процедуралары.

Оригами – өзіндік көрсету әдісі. Бұл іс-әрекет түрінде екі қол әрекеттенеді және бас миының екі жарты шарлары дамиды. Жаттығу барысында жарты шарлар жұмысы теңестіріледі, зейіннің көлемі жоғарылайды, қиял дамиды, жылдамдық өседі, шығармашылық ойлаудың икемділігі, шынайылығы, жоғары деңгейде психикалық және эмоционалды жағдай тұрақтанады.

Ертегі терапиясы – практикалық психология тарихындағы ең көне әдіс және қазіргі ғылыми практикадағы ең жаңа әдіс болып табылады.


2.3 Тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижесі

Эксперименттің үшінші кезеңінде жасалған жұмыстың тиімділігін анықтау үшін сауалнамалар, тест, сұрақ-жауап, әңгімелесулер жүргіздік. Тексерулер қорытындысы дарынды балалардың қабілеттері жан-жақты одан әрі дамығанын, оларда төмен деңгей көрсеткен қабілеттері анағұрлым кеңейгені, қызығушылықтары мен білімдерінің, түсініктерінің әлдеқайда дамығандығын байқатты.



Бақылау экспериментінің көрсеткіші

«Қызығушылықтар картасы» әдістемесі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау



№22 орта мектебінде дарынды оқушылармен жұмыс практикалық тұрғыда негізінен төрт бағытта ұйымдастырылады. Олар: интеллектуалдық, спорттық, өзін-өзі басқарушылық-ұйымдастырушылық, көркемөнерпаздық.

Мектеп оқушылары қабілет-қарымына қарай өз қабілеттерін осы бағыттағы жұмыстарға қатынаса отырып, дамыта алады.

Қорытынды

Жан-жақты дамыған дарынды балаларды тәрбиелеу – күрделі үдеріс. Әрбір дарынды оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, оның бойындағы ерекше қасиеттерін ажырата біліп, қабілетін дамыта отырып, тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің алдындағы басты міндет.

Қорытындылай келгенде, дарындылық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, өзіне тән ерекшелігін сипаттайды. Дарындылық оқушының даралығы, оның жан-жақты, терең білімдарлығы, көзқарастарының ауқымдылығы, қоршаған ортасына деген ерекше қатынасы.

Біздің зерттеу мәселеміз тәуелсіз еліміздің болашағында маңызды орын алатын жан-жақты дарынды балаларды тәрбиелеуге арналады, себебі дарындылық өзінің көпқырлылығымен мәңгілік ұғым. Келешекте дарынды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуді үздіксіз жүргізіп отыру қоғам еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Савенков А.И. Одаренные дети в детском саду и школе: учеб. пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / А.И.Савенков. – М.: Академия, 2000.
- Шумакова Н.Б. Обучение и развитие одаренных детей. – М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2004. – 336 с.
- Нұрымбетова Г. Құзыреттілік және дарындылық. – Алматы. 59-60 б.
- Азаров Ю.П. Тайны педагогического мастерства: учебное пособие / Азаров, Ю.П. - М.: МПСИ, 2010. - 432 с.
- Токжанова А.М. Теория и методика воспитательной работы: учебное пособие. – Ақтобе, 2018. – 194 с.
- Бехтерев В.М. Избранные труды по психологии личности / В.М.Бехтерев. – М.: СПб: Алетейя, 2018. – 510 с.